BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 2, Number 354 (2015), 212 – 215

TELECOMMUNICATIVE COMMUNICATION OF TEACHERS AND TRAINEES AS LEARNING EFFICIENCY INCREASE FACTORS

S. N. Issabayeva[1], A. Zh. Skakova[2], K. U. Yessentayev[3]

[1] Kazakh state women's pedagogical university, Almaty, Kazakhstsan;
[2] Turar Ryskulov New economic university, Almaty, Kazakhstan;
[3] Kazakh state women's pedagogical university, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: esentaev_kairat@mail.ru

Key words: Teleconference, relation, national electronic mail.

Abstract. The article deals with telecommunicative communication of teachers and students as a factor in increasing the effectiveness of training. And also, the brightest and most significant forms of interpersonal communication of students, demonstrating the benefits of using IT educational tools and telecommunications projects organized in the framework of their educational teleconference.

ӘОК 622.011.4+622.023

ПЕДАГОГТАР МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТЕЛЕҚАТЫНАСТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ – ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

С. Н. Исабаева[1], А. Ж. Скакова[2], Қ. Ө. Есентаев[3]

[1] Қазақ мемлекетттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Казахстан;
[2] Т. Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университеті, Алматы, Казахстан;
[3] Қазақ мемлекетттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Казахстан

Тірек сөздер: телеконференция, қарым-қатынас, ұлттық электрондық пошта.

Аннотация. Мақалада педагогтың телекоммуникациялық қарым-қатынасы – білім алушыларды оқытудың тиімділігін көтеру факторы ретінде қарастырылды. Білім алушының тұлғааралық қарым-қатынасының елеулі формалары, АТ құралдарын қолданудың демонстрациялық басымдылығы – оқу телекоммуникациялық жобасы және ұйымдастырылған оқу телеконференциясының төңірегінде ой қозғалды.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім беру үрдісінің өзіндік ұлттық үлгісі орнығып, жаңа мазмұндағы оқыту жүйесі қалыптасуда. Дүниежүзілік білім әлеміне кіру мақсаты көзделіп, әрбір ғылым саласында нақты өзгерістер енгізілуде. Мұндай түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру жүйесінің даму бағыттарын нақтылап, оны тың арнаға, жаңа сапаға қарай дамыту қажеттілігін міндеттейді. Ұстаздар үшін оқыту әдістемелерін саралап, ғылым табыстарын сын көзбен бағалау; білім алушыларды болашақта жан-жақты дамыған, рухани жетілген жеке тұлға ретінде қалыптастыру және өз іс-әрекетін, кәсіби шеберлігін жаңаша қалыптастырып, жаңаша ұйымдастыруды жолға қою тың міндеттерге айналуда. Еліміздің дамыған елдермен қатар тұра алатын терезесі тең, өркениетті ел ретінде танылып, олармен білімі мен ғылымы, мәдениеті мен технологиясы теңесуі үшін маңызды істер атқару – ел мүддесі алдындағы парыз. Сондықтан, білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды, телеқатынастық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру бүгінгі күн талабы.